

Исамутдинова Угилжон Октамжановна

*Silkway Халықаралық университеті Педагогикалық факультетінің 2 курс
магистранты, п.ғ.к., профессор Кенжебекова Р.М.
Шымкент, Қазақстан*

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР КЛАССИФИКАЦИЯСЫН ДАҒЫ ВИТАГЕНДІК ОҚЫТУ

Елбасы Н.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» деп аталатын Қазақстан халқына жолдауында көрсеткен жаңа кезеңнің міндеттерін атап көрсеткен болатын: «Осы заманғы білім беру мен бастауыш қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту».

Қазіргі кезеңде білім беру жүйелерінде құзіреттілік тұрғыда білім беруді ұйымдастыру мәселесі қарастырылады. Осыған байланысты кәсіби мамандарды даярлай отырып, сапалы білім беру, сонымен бірге оларды өнегелі ұрпақ етіп тәрбиелеу негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, оның шығармашылық және рухани мүмкіндіктерін дамытуға барлық жағдайлар жасалуда. Егеменді еліміздің болашағы, оның материалдық және рухани дамуы, экономикалық, әлеуметтік және саяси жағынан өркендеп өсуі жас ұрпақтың қолында.

Нарықтық қатынастар жағдайында білім беру мен бастауыш даярлау бағытындағы оқу орындарының негізгі міндеті - әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру. Бұл міндеттерді орындау үшін болашақ мамандарды даярлауда қазіргі қоғам үрдісіне сай жаңа технологияларды қолдана отырып білім беру қажеттігі туындайды. Витагендік оқыту технологиясының басты өзегі - елімізде бәсекеге қабілетті өз ісін жетік меңгерген, сауатты, білімді, өндірісте жұмыс істей алатын жан-жақты дамыған құзыретті маман даярлау. Яғни мемлекеттік тілді оқушыларға меңгерте отырып, болашақ мамандықтарын жан-жақты игерген **құзыретті маман** болуы қажет. Ол үшін мынадай бастауыш қызмет түрлерін қалыптастыруы тиіс:

Витагендік тәжірибе оқушының тұлға ретінде қалыптасуында маңызды қызмет атқаратын өмір бойы жинақтаған тәжірибесінің нәтижесі ретінде үзіліссіз жүріп отырады. Оқу үдерісінде витагендік тәжірибеге сүйену

оқушылардың белгілі бір табысқа жетуіне, танымдық қызығушылықтарын дамытуына ықпалы зор болғандықтан, оларға мамандықтары бойынша тақырыптар беріп, қызығушылықтарын ояту маңызды.

Витагендік оқыту технологиясы арқылы болашақ экономистердің жан қуаттарын жетілдіруде ес үдерісінің атқаратын қызметі зор. Ес үдерісінсіз адам баласы мәдениеттің қандай саласы болмасын, қалағанша меңгере де, жан-жақты жетіле де алмас еді. Егер біздің есімізде ертеректе қабылдаған нәрселер сақталмаса, бізге өмірді әр кез қайта жасап отыруға тура келер еді, не болмаса өмірдегі заттардың барлығы да әр уақытта белгісіз не жаңа нәрсе болып көрінер еді.

Витагендік технология арқылы тілді үйретуде, ең алдымен, ұлттық мәдениет шеңберінде тәлім-тәрбиелік шараларды жүйелі түрде жүргізіп отырудың маңызы зор. Сонымен қатар оқушылардың әлем халықтары мәдениетін де қатар меңгеруіне мүмкіндіктер беру қажет. Өзге ұлт мәдениеттерінің әр алуан екендігін және олардың даму барысында бір-біріне әсер ететіндігін терең түсіне білуін қалыптастыру қажет. Сонда ғана мәдени құндылықтардың тәлім-тәрбиелік мән-мағынасы артады. Өз жеріндегі теңдесі жоқ ескерткіштер мен тарихи жерлердің құндылығы, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың маңызы, т.б. деректерді қадірлейтін және мақтан тұтатын болады. Оларға өзіндік адамгершілік көзқарастар және сүйіспеншілік сезімдерімен қарайды.

Витагендік оқыту технологиясы арқылы тілді үйретуде практикалық ойлаудың маңызы зор. Тіл үйренуші өзіне әсер еткен заттар мен құбылыстардың жеке белгілерін ажырата отырып, өзіне белгісіз болып келген сол заттардың немесе құбылыстың арасындағы ішкі байланыстарды анықтайды. Бұл байланыстар біртіндеп көрнекілікке айналады. Тіл үйренуші кәсіби қазақ тілін үйрене отырып, зейінін аударып, қызығушылығын оятқан ақпараттарды практикалық ойлауға дағдыланады. Ақша дегеніміз не, олар қалай пайда болды, ақша қандай қызметтер атқарады деген сұрақтар төңірегінде жауап іздеуге талпынады. Оған қажетті ақпараттарды іздеп табады.

Витагендік технологияның алғашқы арналарын академик, педагогика ғылымдарының докторы А.С.Белкин ізденістерінен бастау алады.

Витагендік оқыту дегеніміз – мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекетінің белгілі бір мақсатқа бағытталуы, сабақ үдерісінің оқушының жинақтаған тәжірибесі арқылы ұйымдастырылуы, оқушылардың ұжымдық тәжірибелерінің жүзеге асуы. Витагендік оқытуды ұйымдастыру сабақ жүйесі мен технологиясын өзгертуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ мұғалімнің оқушыларға берілетін материалдағы витагендік ақпараттан хабардар болуы тиіс. Ең бастысы, витагендік оқыту оқушылардың тәжірибелерін белсендірумен қатар, жинақтаған өмірлік тәжірибелерін жүзеге асыратын витагендік мүмкіндіктерін қалыптастырады.

Витагендік оқытудың әдістері:

- Өмірден өткен тәжірибені анализдеу әдісі
- Оқушылардың өмірлік тәжірибелерін ояту әдісі
- Білімдік моделдің аяқталмаған бөлігін ққосымша аяқтау
- Ұсынылған тапсырмалардың шығармашылық моделін жасау
- Өлі және тірі табиғаттың объектілерін «сөйлету»
- Көркем әдеби, техникалық шығармаларды иллюстрациялау
- Витагендік талдау әдісі
- Витагендік аналогия

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Жоғары оқу орны білімгерлеріне арналған оқу құралы. – Тараз, 2003. – Б. 43-45.